

«Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби
даму курсының білім беру бағдарламасы

МУҒАЛИМГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ



Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының
Әдістемелік кеңесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нұсқаны қоса алғанда, авторлық құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ	5
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ	6
Анықтамасы	6
Шығу тарихы	6
Сабақты зерттеу үдерісі	6
Сабақты зерттеу тобына мүше тарту	8
Топ нормаларын белгілеу	9
Кездесу кестесін жасау	10
Зерттеу тақырыбын келісу	10
Оқу бағдарламасын, бұған дейінгі сабақтар мен зерттеулерді зерделеу	12
Сабақты бірлесіп жоспарлау	12
Бақылаудағы оқушыларды белгілеу	14
Зерттеу сабағын өткізу/ қадағалау	14
1-сабақты талқылау және 2-сабақты жоспарлау	16
Есеп жазу және зерттеу нәтижелерін таныстыру	17
ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ	18
Кіріспе	18
Іс-әрекеттегі зерттеудің анықтамасы	18
Іс-әрекеттегі зерттеудің мақсаты	18
Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі	20
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ	25
ҚОСЫМШАЛАР	27



КІРІСПЕ

Осы «Мұғалімге арналған нұсқаулық» әдістемелік құралы (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) зерделеу және меңгеруге арналған әдістемелік құжат болып табылады. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мұғалімдер өз тәжірибесіне зерттеу жүргізіп, оның нәтижесін бағамдау тәсілдерімен танысады, сондай-ақ Сабақты зерттеу және Іс-әрекеттегі зерттеу үдерістерінің сатыларын біледі және түсінеді деп күтіледі.

Зерттеу мұғалімнің кәсіби тәжірибесін дамытудың қуатты құралдарының бірі болып табылады. Белгілі бір мәселені зерттей отырып, мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре алады. Зерттеу арқылы мұғалімнің пән бойынша білімі жетіліп, оқыту дағдылары жақсарады; оқушыларды қадағалау қабілеті күшейіп, күнделікті тәжірибесінің ұзақ мерзімді мақсаттарымен байланысы нығаяды. Бүкіл әлемде мұғалімдер Сабақты зерттеу және Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілдерін кеңінен қолданады және де соңғы кезде аталған тәсілдер Қазақстан мектептерінде де белсенді таралуда. Бұл тәсілдер мұғалімдерге өз тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік берумен қатар, олардың өзара ынтымақтастығын күшейтіп, бірлескен кәсіби шара жүргізудің; өздерінің зерттеушілік және тәжірибелік білімдерімен бөлісуге дайын шебер мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құрудың тиімді жолы болып табылады. Осы тәсілдерді жүзеге асыру арқылы мұғалімдер өздерінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіре алады. Зерттеу нәтижелерін бірлесе талқылау барысында әріптестері ұсынған сындарлы кері байланыстың арқасында мұғалімдер өздерінің рефлексиялау және талдау дағдыларын жетілдіре алады. Сабақты зерттеу және Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілдері мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын күшейтетінін атап өту маңызды. Үдеріс барысында бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасып, ол өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби дамуға ұмтылысын күшейтеді.

Осы Нұсқаулықта Бағдарламаға негіз болған тәсілдердің ғылыми негізіне талдау жасауға талпыныс жасалған.



БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның негізгі мақсаты – Сабақты зерттеу және Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілдерін іске асыру шеңберінде мұғалімдерге өз педагогикалық тәжірибесін бағамдап, жетілдіруге; зерттеу дағдыларын дамытуға көмектесу. Бұл тәсілдер оқыту мен оқу тәсілдерін мұғалімдердің зерттеу тәжірибесімен, кәсіби мәнмәтінмен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогика саласындағы зерттеулердің ішінде тікелей тәжірибені зерттеуге бағытталған тәсілдердің, яғни эмпирикалық тәсілдердің маңызы зор. Бұл тәсілдер озық педагогикалық тәжірибені зерделеуде, сондай-ақ мұғалім өз тәжірибесінің белгілі бір қырларын зерттегенде қолданылады. Зерттеу қызметі мұғалімге өзінің оқыту және оқушылардың оқу тәжірибесінің қыр-сырын бағамдауға жол ашады. Зерттеу нәтижелері, оларды мектептегі немесе кәсіби қоғамдастықтағы әріптестерімен талқылау мұғалімге өз тәжірибесіне сын көзбен қарауға түрткі болып, оны жетілдіру жолдарын іздеуге және жалпы алғанда кәсіби шеберлігін арттыруға ын-таландырады. Сонымен қатар бұл зерттеу тәсілдерін іске асыру барысында мектеп жүйесін жетілдіру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының әлеуеті кеңінен қолданылады. Сол арқылы мұғалімдерде бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасады. «Мұғалімдер сыныпта зерттеу жүргізу тәжірибесіне талдау жасай отырып, өзгерістерді құрылымда болып жатқан оқыту тәжірибесіне енгізілген өзгерістермен байланыстырып, өздерін осы өзгерістерді қозғаушы күштің бір бөлігі ретінде қабылдайды» (Мадеева, Насығазы, Салтыбаева, 2016).

Бағдарлама барысында педагогиканың бірқатар мәселелері қарастырылғанымен, мұғалімнің тәжірибелік қызметі мен зерттеу қызметін үйлестіру оның негізгі өзегі болып табылады. Тек өзінің күнделікті тәжірибесінің негізінде ғана мұғалім өзінің кәсіби қызметінде орын алған проблемалар мен қиындықтарды анықтай алады.

Зерттеу арқылы мұғалімнің іздену шараларының құны артады. Ол тәжірибені жетілдіруге бағытталғандықтан, бұл үдеріске мектеп әкімшілігі, оқушылар мен ата-аналар тартылуы мүмкін. Бұл ретте проблеманы қарастыру барысында үнемі дұрыс не бұрыс жауап табу мүмкін емес, асылы, проблеманың бірнеше пікірге негізделген болжамды шешімі анықталады. Зерттеу барысында оған қатысушылар нақты проблемаларға сын тұрғысынан қарап, өзгеріс енгізу жөніндегі сыншы агент ретінде әрекет ете отырып, үдеріске өз үлесін қосады және одан пайда алады (Шмук, 1997).



САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ

Анықтамасы

Сабақты зерттеу мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, мектепте жүргізілетін іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше түрі болып табылады (Пит Дадли, 2015). Бұл тәсіл «сабақ жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау үдерістерін қамти» (Т. Чичибу, 2013) отырып, «оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруді, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды» (Б. Ғабдоллақызы, 2015) көздейді. Яғни, Сабақты зерттеу – кәсіби білім алу үдерісі. Мұғалімдер оқыту мен оқу үдерісінің белгілі бір қырларын жетілдіруге бағытталған арнайы педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың оқуына және прогресіне назар аударады. Сабақты зерттеу білім және тәжірибе алмаса отырып, кәсіби қоғамдастық құруға септігін тигізетін мұғалімдердің бірлескен жұмысын зерделеуді көздейді (Курамото, 2014).

Қарапайым идея: егер оқыту тәжірибеңізді жетілдірмек болсаңыз, сабақты жоспарлап, оның оқушыларға ықпалын қадағалау үшін әріптестеріңізбен бірігуден артық не бар?!

Сабақты зерттеу тәсілі оқыту мен оқуды жетілдіру саласында ғана емес, сонымен қатар педагогикалық білімді жетілдіру, оқу бағдарламасы мен оқытуды құрылымдау, мектепті басқару және т.б. салаларда да жүргізілуі мүмкін (Курамото, 2014). Сонымен қатар Сабақты зерттеу жеке шара ретінде емес, күнделікті жұмыстармен, мәселен, жаңа оқу бағдарламасын енгізу, белгілі бір саладағы оқыту тәжірибесін жетілдіру, ұзақ мерзімді жоспарлаумен бірге ықпалдастырылып жүргізілгенде анағұрлым тиімді болмақ (Lewis, Hurd, 2011).

Шығу тарихы


Сабақты зерттеу XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда пайда болған. Бұл тәсіл Макота Йошиданың Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда жасаған таныстырылымынан кейін, 2007 жылдан бастап Жапониядан тыс жерлерде танымал бола бастады. Аталған елдердің зерттеушілері жапондық ғалымдардың халықаралық зерттеу аясында көрсетілген академиялық жоғары жетістіктеріне ықылас танытты. М. Йошида бұл жетістік Сабақты зерттеу тәсілінің жапон мектептерінде кеңінен қолданылуынан болып отыр дегенді алға тартады (МАН, 2-деңгей).

Сабақты зерттеу үдерісі

Сабақты зерттеу тәсілі бастауыш және орта мектептерде барлық пәндер аясында қолданылады. Тәсіл аясында басты назарда «сабақты зерделеу» үдерісі тұрады. Мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір педагогикалық тәсілді, оқыту мен оқу әдіс-тәсілдерін қалай дамытуға болады деген мәселені шешу үшін оқушылардың білімді қалай игеретінін зерттейді. Сабақты зерттеу тәсілі оқушының пән мазмұнын қалай игеретінін – олардың нақты идеялар мен тұжырымдарға қалай түсініктеме беріп, қалай түсінік немесе қате түсінік қалыптастыратынын зерделеуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер ойлау кезінде оқушылардың санасында жүріп жататын үдеріс және олардың жаңа тақырыпты қалай меңгеретіні туралы түсінік қалыптастырады.

Сабақты зерттеу үдерісі бірнеше қадамнан тұратын циклді үдеріс болып табылады. 1-суретте бұл үдерістің П.Дадли (Дадли, 2013) салған сызбасы ұсынылған.





Бір циклдің аясында жүзеге асырылатын қадамдар 1-кестеде егжей-тегжейлі сипатталған.

1-кесте. Сабақты зерттеу үдерісінің бір циклінің жалпы кестесі (Lewis, Hurd, 2011).

1. Сабақты зерттеу тобын құру (бір немесе екі кездесу)
<ul style="list-style-type: none"> • Сабақты зерттеу тобына мүшелерді тарту. • Сабақты зерттеу туралы ортақ пікір қалыптастыру. • Жоғары сапалы кәсіби білім туралы ойларымен бөлісіп, топ ережесін жасауда соларға сүйену. • Топ нормаларын белгілеу. • Нақты мерзім белгілеп, кездесу кестесін жасау.
2. Топ қарастыратын мәселені анықтау (бір немесе екі кездесу)
<ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімнің оқушыларға қатысты әзірлеген ұзақ мерзімді жоспарында қамтылған зерттеу тақырыбын (басты мақсат) келісу. Егер зерттеу жүргізуші маманның міндеті мектепшілік шараларды қамтитын болса, зерттеу тақырыбы ретінде жалпымектептік мәселені белгілеген дұрыс. • Пәндік саланы таңдау (мысалы, жаратылыстану пәндері, әлеуметтік ғылымдар); егер бұл алдын ала белгіленбеген болса. • Қадағаланатын сабақтың нақты тақырыбы мен бөлімін анықтауды бастау.
3. Тақырыпты зерделеу және зерттеу сабағын жоспарлау (3-тен 8-ге дейін кездесу)
<ul style="list-style-type: none"> • Зерттеу сабағы үшін таңдап алынған тақырыпқа қатысты оқу бағдарламасын, бұған дейін өткізілген сабақтар мен зерттеулерді зерделеу, мүмкін болса, осы салада тәжірибелі адамдардан кеңес алу. Егер сізге оқушының ойлау үдерісі туралы қосымша ақпарат қажет болса, ондай ақпаратты жинау үшін зерттеу сабағының алдында «лас сабақ» өткізе алады («лас сабақ» дегеніміз арнайы жоспарланбаған сабақ). • Зерттеу сабағын жоспарлау, сабақ пен тақырып бойынша белгіленген нақты жоспармен қатар, ұзақ мерзімді жоспардың қамтылуын назарда ұстау қажет.



<ul style="list-style-type: none"> • Егжей-тегжейлі сабақ жоспарын жазу. Сабақ жоспары оқушылардың ойлау үдерісін болжауға, дерек жинауға көмектеседі, сабақтың неліктен дәл осылай құрылымдалып жоспарланғанын негіздеуге және туындаған сұрақтарыңыз бен байқаған/аңғарған мәселелеріңізді жазып алуға мүмкіндік береді. • Сабақ жоспарының бір бөлігі ретінде қандай дерек жиналуы керектігі көрсетілетін дерек жинау жоспарын әзірлеңіз.
<p>4. Зерттеу сабағын өткізу және талқылау (бір сабақ, сабақ өткен күні немесе көп кешіктірмей кездесу өткізу; сабақ тағы бір рет өткізілген болса, талқылауды қайталау)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жоспарланған деректерді жинау. • Құрылымдалған күн тәртібіне сәйкес сабақтан кейінгі талқы өткізіледі. Бұл кездесуге үйлестіруші мен хатшы тағайындалады. • Пікірталас барысында зерттеу сабағында жиналған деректерге назар аударылады. • (Қаласаңыз, сабақты қайта қарап, топтың басқа мүшесіне қайта қаралған жоспармен басқа сыныпқа тағы бір сабақ өткізуге болады).
<p>5. Рефлексия және алдағы қадамдарды жоспарлау (бір немесе екі кездесу)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зерттеуден алған білімді бекіту: не үйрендің, не түйдің (пән мазмұнына, оқушының ойлау үдерісіне, оқытуға қатысты және басқа да салаларда). Таныстырылым немесе жазбаша жұмыс ретінде жинақтап, түйіндеу. • Осы сабақты зерттеу үдерісінде ненің тиімді болғанын және алдағы уақытта нені өзгерту қажеттігін талқылау.
<p>6. Сабақты зерттеу тәжірибесі – мұғалім мамандығын игеруге көмектесетін маңызды жұмыс. Іске сәт!</p>

Алдағы уақытта осы кестеге сүйене отырып, әр қадамның аясында қандай шаралар қабылданатынын толық тарқатамыз.

Сабақты зерттеу тобына мүше тарту

Зерттеу тобын әртүрлі белгілерге қарап құруға болады. Айталық, бір пән бойынша сабақ беретін немесе бір жастағы балаларға сабақ беретін мұғалімдер жиналуы мүмкін. П.Дадлидің (2013) айтуынша, үш адам болғаны қолайлы болмақ. Ал кей ғалымдар төрттен алты адамға дейін болған жақсы деген пікір білдірген (Lewis, Hurd, 2011). Қалай болған күннің өзінде де, топқа адамдар өз еркі бойынша қосылады және оған нақты зерттеу тақырыбына қызығушылық білдіретін мұғалімдер тартылады (Абдрахманова Ж. және басқалар). Зерттеу тобын құрған кезде төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдануға болады (2-кесте):

2-кесте. Сабақты зерттеу тобын құруға арналған әдіс-тәсілдер (Lewis, Hurd, 2011)

ӘДІС-ТӘСІЛ	РЕСУРС
Хабардарлықты арттыру, еріктілерді тарту	Бірлесіп жұмыс істеуге қызығушылық танытатындарды анықтау мақсатында әріптестермен бірге Сабақты зерттеу туралы мақала немесе кітап оқу, бейнежазба көру
Қазіргі кезде жұмыс істеп жатқан топтың құрамын өзгерту	Сіздің ауданыңызда немесе өңірде жұмыс істеп жатқан топ Сабақты зерттеу тобына бастама бола алады: <ul style="list-style-type: none"> • Оқу бағдарламасы бойынша, стандарт бойынша немесе бағалау бойынша жұмыс топтары. Соларда айтылған идеяларды басқалар да көруі үшін зерттеу сабағында жүзеге асыруға болады.



	<ul style="list-style-type: none"> Тәлімгер, коуч немесе пән саласындағы маман. Зерттеу сабағында солар айтқан үздік тәжірибе туралы ойларды іске асыруға, таратуға немесе тексеруге болады.
Сабақты зерттеу тәсілін енгізу үшін ағымдағы жұмысты өзгерту	<ul style="list-style-type: none"> Гранд бөлінетін жұмыстар. Бәлкім гранд бөлуші зерттеу сабағын дәстүрлі қорытынды есеппен емес, ашық зерттеу сабағы түрінде аяқтауды қалар. Көпшілік алдында өтетін зерттеу сабағы жауапкершілікті арттырумен қатар, грант арқылы қаржыландырылатын жұмыс туралы хабар таратуға көмектеседі. Кәсіби даму кредиті. Мұғалімдерді жеке курстар мен түрлі конференцияларға жібере бергенше, Сабақты зерттеу топтарына арнап факультатив ұйымдастырса қалай болмақ? Оқу бағдарламасын іске асыру сапасына шолу, мектепті дамыту жоспары т.б. Сабақты зерттеу мақсат белгілеу, оқытуды жетілдіру және оқушылардың үлгерімін бағалау жұмыстарын құрылымдауға көмектеседі. Бақылау нысандарына шолу жасау. Қадағалау жүргізуге шақырылған мұғалімдер қолданыстағы талаптардың орнына, зерттеу сабағын өткізудің басқа нұсқасын ұсына алады (мысалы, сабақты директордың қадағалауы).
Жергілікті одақтар мен пән бойынша әдістемелік бірлестіктерді тарту	Мұғалім одақтары мен белгілі бір пән қауымдастықтары Сабақты зерттеуді енгізе бастаған пионер болатын (мысалы, Dubin, 2009). Сабақты зерттеу тобын немесе қоғамдастығын құру үшін ғылыми мұражай, педагогикалық институт немесе өзге де мекемелермен әріптестік орнатуға болады.
Қолдау көрсетуші мектепті табу	Қазіргі кезде жұмыс істеп жатқан немесе құру жоспарланған магнит мектеп немесе кәсіби даму мектебі жұмысты ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі ретінде Сабақты зерттеу тәсілін қамтуы мүмкін.
Жақтастарыңды жина	Бірнеше әріптесіңмен бірге жұмыс істей отырып, шағын ғана Сабақты зерттеу тобынан бастаңыз. Ол жерде сіздер бірлесіп Сабақты зерттеу тәсілін қолдану жолдарын үйрене аласыздар. Кейіннен тобыңыз пайдалы ақпаратпен бөлісе бастағанда, қызығушылық танытушылар да, қолдау көрсетушілер де табылып жатады.
Ғаламтордан іздеу	Қазіргі кезде интернет желісінде Сабақты зерттеу топтары туралы ақпарат бар. Сіз Сабақты зерттеу қоғамдастықтарымен байланыс орната отырып, сіздің қызығушылық білдіретін салаңыз бойынша ізденетін адамдарды таба аласыз.

Топ нормаларын белгілеу

Әр топта топ мүшелері бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасап, топ мүддесін қалай орындайтыны туралы ереже қалыптасады. Бұл ереже топ үшін, миссияны орындауда немесе топтан тыс тұрған ұйыммен қарым-қатынас жасарда тиімді болуына немесе болмауына қарамастан, кез келген жағдайда құрылады.

Ереже уақыт өте келе топтағы адамдардың іс-әрекеттерінің негізінде құрылады. Еріктен тыс қалыптасқан кейбір ережелер топ үшін тиімді болуы мүмкін, алайда көпшілігі керісінше болып жатады. Сондықтан топ мүшелері өздері ұстанатын ережелерді, талаптар мен

Кеңес:

Ереже құрған кезде топтың барлық мүшелері қатыспаса, кездесуді кейінге қалдырыңыз



Топ ережесін жазып, көзге көрінетін жерге іліп қойған дұрыс

нормаларды топ болып келісіп алғаны абзал. Күтілетін нәтижелерді анықтап, топ мүшелерінде өздерін сырттан қатаң бақылауға алғандай сезім тудырмай, кідірместен «тәуекелге бел бууға» мүмкіндік беретін негізгі ережелерді белгілеу мақсатында мәжіліс өткізіледі (Дадли, 2013).

Ереже түзудің жақсы әдістерінің бірі – топтың әрбір мүшесі бұған дейін оқуды жетілдіруде қандай табысқа жетті немесе қандай істері сәтсіз болғаны туралы ойланып, содан кейін кәсіби топтың маңызды белгілері туралы өз ойларымен бөліседі.

Топтың барлық мүшелері топ ережелерімен таныс болуға тиіс. Топ ережелерін белгілеп, оны келісуді мақсат ететін кездесу жоспарлап, өткізу қажет. Бұл кездесуге топтың барлық мүшелері қатысып, барлығы болып бірлесіп, ереже қабылдайды.

Алайда бір қабылданған топ ережесі өзгермей, үнемі қолданыста болады деген сөз емес. Уақыт өте келе Сабақты зерттеу тобы өз ережесіне өзгеріс енгізіп, оны толықтыра алады. Топ үшін ең оңтайлы ереже – топ мүшелерінің бір-бірінен білім алуға қолдау көрсетуіне мүмкіндік бере отырып, топтың жұмысын жақсартатын ереже.

Сабақты зерттеу тобының ережесін ғана емес, жалпы кез келген топ ұстанатын ереже құру кезінде ескеретін бірнеше ортақ мәселе бар:

- Топтың барлық мүшелері тең. Топтың әрбір мүшесінің пікірі, ұсынысы мұқият түрде қарастырылады. Барлық топ мүшелері берілген тапсырмаларды, жүктелген міндетті уақтылы орындайды.
- Топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасы: топ мүшелері бір-бірін құрметтейді. Бір-бірін кемсітпейді. Әркімнің топ жұмысына қосқан үлесі мойындалады және ризашылық білдіріледі.
- Топ мүшелерінің кездесу кезіндегі өзара әрекеттестігі: топ мүшелері бір-бірінің сөзін бөлмей тыңдайды. Сөз таластырмайды. Кездесудің барынша тиімді өтуіне атсалысады. Жиналыстарға уақытында келеді. Күн тәртібіне сәйкес жұмыс істейді. Жиналыс/кездесу уақытында аяқталады.

Бірлескен жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мезгіл-мезгіл ережеге өзгеріс енгізу қажет пе екенін тексеріп отырыңыз

Кездесу кестесін жасау

Мұғалімдер – жұмысбасты адамдар. Сондықтан Сабақты зерттеу аясында жүргізілетін жиналыс-кездесулердің бір жылғы кестесін алдын ала жасаған абзал. Бұл топ мүшелеріне өздерінің жұмысын жоспарларда осы кестені ескере отырып, зерттеумен қатар өз қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сырттан пән мамандарын тарту қажет болғанда, бұл шараны алдын ала ойластырып, жоспарлауға болады. Сонымен қатар кездесу өтіп жатқанда келесі кездесудің қайда және қашан өтетінін талқылауға уақыт жұмсамаудың ұтымды жолы.

Зерттеу тақырыбын келісу

Сабақты зерттеу тобы құрылған соң олар өздерінің алдағы уақытта қандай тақырыпты зерделейтіндерін шешіп алуға тиіс. Бұл мұғалім тәжірибесінде кездесетін оқуға немесе оқытуға, оқушы мінез-құлқына, оқушыны оқуға ынталандыруға қатысты қиындықтар, оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу, жаңа оқу бағдарламасын іске асыру, ата-аналармен және жұртшылықпен жұмысты ұйымдастыру немесе өзге де мәселе болуы мүмкін. Айталық, мінсіз оқушы мен шынайы оқушыға тән қасиеттер арасындағы алшақтықты анықтау немесе мектептің қолданыстағы даму жоспарында көзделген мақсаттарға қол жеткізу бағытындағы жұмыс.

Зерттеу сұрағын қарастырған кезде жалпы мақсаттардан нақты, өзекті мәселелерге көше отырып, зерттеуге болатын салаларды іріктеу үшін миға шабуыл жүргізу пайдалы болмақ.



Зерттеу сұрағы мынадай мәселелерді қамтуы мүмкін (Cohen, Manion, Morrison, 2011):

- Болжау;
- Түсіну;
- Ашу (жаңалық ашу мағынасында);
- Себеп-салдарын талдау;
- Тексеру;
- «Не?»
- «Егер ... болса, не болады?»
- «Кім?»;
- «Қашан?»;
- «Қайда?»;
- «Неге?»;
- «Қалай?»;
- Түсіндіру;
- Сипаттау;
- Байланыс (мысалы, айнымалылар, адамдар, іс-шаралар арасындағы);
- Салыстыру;
- Үдерістер;
- Факторлар;
- Бағамдау;
- Функция немесе мақсат;
- Белгілі бір нәтижеге қалай қол жеткізуге болады;
- Бірнәрсенің түрлері;
- Құрамы мен сапасы;
- Бірнәрсенің сатылары;
- Бірнәрсені істеу жолдары;
- Бірнәрсеге қол жеткізу жолдары;
- Бірнәрсенің құрылымы;
- Бірнәрсенің баламалары;
- Бірнәрсені дамыту немесе жетілдіру жолдары.

Сабақты зерттеу бір мезгілде 4 деңгейдегі мақсатты көздейді (Lewis, 2002):

1-деңгей: Сабаққа қатысты мақсаттар:

- Тізбектелген сабақтар топтамасы тетіктерінің қағидаттарын білуге ынталы болу.
- Мектеп маңайындағы кәсіпорындар мен мекемелерді білу.
- Шеңбердің ұзындығы диаметрден шамамен үш есе үлкен екенін зерттеу.

2-деңгей: Тақырыпқа қатысты мақсаттар:

- Салмағы бір объектіні иіктіктің көмегімен көтеру үшін қажетті күш объектінің қандай биіктікте болуына және жұмсалатын күшке байланысты өзгеріп тұратынын түсіну.
- Жергілікті қоғам және өзінің ондағы рөлі туралы түсінік қалыптастыру.
- Шеңбердің ауданын және шеңбердің ауданының тік төртбұрыштың ауданына қатынасын қалай есептеу керектігін түсіну.

3-деңгей: Жалпы пәнге қатысты мақсаттар:

- Математика пәні бойынша жаңа есептерді шығару үшін бұған дейінгі білімін белсенді қолдану.
- Ғылыми дағдыларды дамыту, айталық, бес сезім мүшесін пайдалану, тұжырымдарды растау үшін дәлелдерді пайдалану.

4-деңгей: Оқушыларды дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттары:

- Оқушы ретінде бастама жасау.
- Құлшыныспен оқу.



- Достықты құрметтеу.
- Басқалармен бірлесіп жұмыс істеу.

Сонымен қатар, Сабақты зерттеу тобы белгілі бір пән бойынша құрылмаған болса, осы сатыда олар зерттеу жүргізілетін пән саласын таңдайды. Зерттеу сабағы жүргізілетін пәнді белгілеп алып, зерттеу тобы зерттеу сабағына негіз болатын бөлім мен тақырыпты анықтайды. Сабақ мақсаты мен зерттеу мақсатын белгілейді. Зерттеу мақсатын белгілемес бұрын, зерттеу тобы өзінен «Бұл зерттеуден не күтеміз?» деп сұрағаны орынды. Бұл мақсатқа жету үшін не істеп, қандай шара қабылдау керек екені түсініксіз болса, мақсатты қайта қарастырып, нақтылау қажет болуы мүмкін. Мұғалімдер өздерін толғандыратын мәселені таңдайды. Зерттеу тобына бұл мәселеге бірталай уақыт арнау қажет болады. Сондықтан бұл шын мәнінде қызықтыратын, зерттегілері келетін, терең білгісі келетін мәселе болғаны дұрыс.

Оқу бағдарламасын, бұған дейінгі сабақтар мен зерттеулерді зерделеу

Өз тәжірибесін зерттеуші мұғалімдер жаңа бірдеңе ойлап шығармай, өз істерін бұған дейін өткізілген сабақтарға негіздей отырып құрса, Сабақты зерттеу үдерісі анағұрлым тиімді болмақ. Бұл үдерісті Сабақты зерттеу тәсілінің отаны Жапонияда «Къёзай кенкю» (Kyouzai kenkyuu) деп атайды, яғни оқыту материалдарын зерттеу. Бұл зерттеу сабағын жоспарлаудың ажырамас бөліктерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі ғылыми зерттеуде бұны әдебиетке шолу жасаумен салыстыруға болар. Қазіргі кезде өз еліміздің, сондай-ақ басқа ел мұғалімдерінің тәжірибесін көрсететін ресурстар жетерлік. Айталық мұғалімдер басқа мектеп мұғалімдері өткізген зерттеу сабақтарының материалдары мен бейнежазбаларын қарастыра алады. Біліктілікті арттыру мекемелерімен қатар, мектептердің өздерінде де бұндай материалдар жинақталған. Сонымен қатар, Сабақты зерттеу тәсілі туралы кітаптар, әдістемелік құралдар мен зерттеу нәтижелері жарияланған есептерді зерделеген дұрыс. Бұл ресурстар мұғалімдер үшін бастапқы нүкте рөлін атқара алады, олардан көп нәрсе үйренуге болады. Алайда оларды көшірмелеудің қажеті жоқ. Басқалардың сабақтарын негізге ала отырып, соларға еліктей отырып, мұғалімдер өзінің оқыту стилін қалыптастыру қажет.

Осы сатыда зерттеу тобына тәжірибелі адамдардан кеңес сұрап, сыншы достың көмегіне жүгінуге болады. Сырт адамның бағамдаушы кері байланысы мұғалімдерге өз жұмысы туралы анық көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Егер сабақты зерттеу тобы оқушының санасында жүріп жататын ойлау үдерісі туралы немесе оқушының сабақтағы іс-әрекеті мен мінез-құлқы және т.б. туралы қосымша ақпарат қажет деп санаса, бұндай ақпаратты «лас сабақтың» көмегімен ала алады. Зерттеу сабағының алдында өткізілетін «лас сабақтың» мақсаты қандай? Зерттеу сабағы барысында тапсырмаларды, қолданылатын әдіс-тәсілдерді қалай саралау қажеттігін анықтауға көмектесетін бастапқы дерек жинау үшін «лас сабақ» өткізіп, қадағалауға болады.

Сабақты бірлесіп жоспарлау

Зерттеу сабағының жоспарын барынша мұқият, егжей-тегжейлі әзірлеу ұсынылады. Жапония тәжірибесінде оқуға жетекшілік ету жоспары қолданылады. К.Льюистің айтуынша, оқуға жетекшілік ету жоспары сабақты өткізу, қадағалау және талқылауды бағыттады және де Сабақты зерттеу барысында туындайтын мәселелерді тіркеп отыруды көздейді. Оның күнделікті қолданылатын сабақ жоспарына қарағанда, функциясы анағұрлым кеңірек. Себебі оқуға жетекшілік ету жоспары – кешенді, оны бір-бірінің ішінде тұратын үш шеңбер ретінде қарастыруға болады: бірінші ішкі шеңберде – зерттеу сабағының жоспары, оның сыртындағы шеңберде – тараудың жоспары, ал осының бәрін қоршап тұрған ең сыртқы шеңберде оқыту жоспары (2-сурет) (Lewis, 2002).





2-сурет. Оқуға жетекшілік ету жоспарының шоғырлас үш шеңбері

Сабақты зерттеу тобы бірлесіп зерттеу сабағын жоспарлайды. Бұл сабақтың әдеттегі сабақтан бірталай айырмашылығы бар. Айталық, әдеттегі сабақтың осы сабақта оқушылар қол жеткізуге тиісті нәтижесі түріндегі мақсаты болады. Ал зерттеу сабағында сабақ мақсатымен қатар, зерттеу тобы бұл шараның нәтижесінде анықтауды көздеген зерттеу мақсаты, яғни бұл зерттеуден мұғалімдер қандай сабақ алатыны баяндалған зерттеу жоспары болады. Барынша егжей-тегжейлі әзірленген бір сабаққа (зерттеу сабағы) арналған жоспармен қоса, зерттеу жоспарының құрамына зерттеу сабағы өткізілетін тақырып жататын бөлімге жасалған шолу, бөлім және зерттеу сабағы қалай әзірленгенінің негіздемесі, сондай-ақ зерттеу сабағында зерттеу тақырыбы қалай қарастырылып, сабақтың мақсатына қалай қол жеткізілетініне берілген нақты түсініктеме кіреді. Жоспарда осы сабақта орындалатын жаттығулар, көтерілетін проблемалар, қойылатын сұрақтар, сол шаралар бойынша оқушылардан күтілетін әрекет болжанып, мұғалім оларға қалай жауап беруді жоспарлайтыны көрсетілуге тиіс. Бұл құжаттың үлгісі кәсіби даму курсына қарастырылып, талданады.

Сабақты жоспарлау барысында зерттеу тобының мүшелері төмендегі мәселелерді назарда ұстағаны дұрыс:

- Оқушылар қазіргі кезде бұл тақырып бойынша не біледі?
- Осы тарауды өтіп болғанда олардың нені біліп, түсінгенін көздейміз?
- Оқушыларға бірінші тармақтан екінші тармаққа жетуге көмектесетін тізбектелген сабақтар топтамасы қандай болуы керек?
- Әр тақырыпты және әр сабақты әсерлі әрі қызықты ету жолдары қандай?
- Бұл тақырыптың ішіндегі қай сабақ зерттеу сабағы ретінде таңдалып алынады?
- Бұл сабақты бастамай тұрғанда оқушылар нені білуі керек, яғни олардың бұл сабақтың алдындағы білімі қандай болу керек?
- Бұл сабақ барысында оқушылар не үйренеді?
- Бұны үйрену үшін оқушылар қандай жаттығу орындау керек?
- Оқушылар жаттығуларды қалай орындап, сұрақтарға қалай жауап береді (болжау)?
- Қандай проблема туындап, қандай түсінбестік орын алуы мүмкін және мұғалімдер оны қалай шеше алады?
- Оқушылардың білімді, дағдыны игергені туралы, ынтасы мен мінез-құлқы туралы қандай дерек жинап, оларды қалай талқылау керек? Бұл үшін дерек жинаудың қандай әдістерін қолдануға болады?

Зерттеу сабағын жоспарлау барысында ескерілетін маңызды нәрсе – оқушылардың жаттығуларды қалай қабылдап, оларды қалай орындайтынын болжау. Бұл ретте оқушылардың



бұл тақырып бойынша бұған дейін не білетінін және қандай қате білім қалыптасуы мүмкін екенін назарға алу қажет. Қандай мұқият тұжырымдалған сұрақтар мен жаттығулар оқушылардың ойлау үдерісін дамытуға көмектесетінін ойластыру керек. Зерттеу тобы жоспарлау кезінде белгілі бір жаттығуларды әзірлеп, кейіннен сабақ барысында оқушының ол жаттығуды қалай орындап шығатынын қарастыра отырып, оқушы санасында жүріп жататын ойлау үдерісі туралы білімін толықтырады. Сондай-ақ сабаққа дейін мұғалімдердің ол жаттығуларды өздері орындап көріп, оқушылардың ол тапсырманы қандай жолдармен шешуі мүмкін екенін қарастырып алғаны дұрыс. Сөйтіп әріптестерінің ойлары қалай дамығанын зерделей отырып, бұл үдерістің ішіне үңілгені абзал.

Бақылаудағы оқушыларды белгілеу

Алдымен зерттеу сабағы қай сыныпта өтетінін анықтап алған дұрыс. Содан соң зерттеу сабағы барысында қадағаланатын оқушылар таңдалады. Олардың санына қойылатын нақты талап жоқ. Зерттеу мақсатының негізінде қадағаланатын оқушылар санын сабақты зерттеу тобы өздері белгілейді. Айталық, белгілі бір дағдының дамуын, қалыптасуын анықтау көзделсе, оқушылардың осы дағдыны меңгеру деңгейіне қарай, яғни бұл дағдыларды жоғары деңгейде, орта деңгейде және төмен деңгейде меңгерген оқушылар қадағаланады. Ал Сабақты зерттеудің негізгі мақсаты оқуда белгілі бір қажеттіліктері бар балаларда дағдылардың қалыптасуын зерттеу болса, мысалы белгілі бір сырқатқа шалдыққан балалардың оқылым дағдыларын зерттеу болса, осында 2-3 баланы қадағалауға болады.

Сабақты қадағалаушы мұғалімдер өзара кім қадағаланатын оқушылардың қайсысын назарға алатынын келісіп алады. Барлығы екі оқушыны қадағалап, үшінші оқушы назардан тыс қалмағанына сенімді болу қажет (Дадли, 2013).

Зерттеу сабағын өткізу/ қадағалау

Сабақты зерттеу бірлесіп жоспарланатындықтан, ол топтың бірлескен меншігі болып табылады. Бұл қадағалаушылардың мұғалімге емес, бақылаудағы оқушыға (оқушыларға) көп көңіл бөлу керектігін білдіреді. Олар әрбір қадағалауды бақылаудағы бір оқушыға негіздей отырып бастауға тырысып, кейіннен бақылау аясын кеңейту арқылы топтың немесе толық сыныптың қамтылуына ұмтылу керек (Дадли, 2013).

Зерттеу сабағын қадағалаудан мұғалімдер көп тәжірибе алады. Бұл мұғалімдердің қадағалау дағдыларын шыңдаумен қатар, оларға оқу үдерісін ішінен тануға, оқушылардың санасында жүріп жататын ойлау үдерісін танып-білуге мүмкіндік береді. Себебі күнделікті сабақ барысында мұғалімдер көп істі қатарынан алып жүретін болғандықтан, оқушыларды бұлай терең зерттеуге мүмкіндік бола бермейді. Мұғалімдер зерттеу сабағын қадағалау барысында өздері күтпеген көптеген нәрселерді аңғаруы мүмкін. Оқушылардың «ойлары» мен айтқан сөздерін мұқият зерделей отырып, мұғалімдер олардың ұғымды, құбылысты қаншалықты түсінгені немесе қате түсінгені туралы, оқушылардың тапсырманы орындауға қанша уақыт жұмсайтыны және қанша уақыт бос отыратыны туралы, оқушыларға табысқа жетуге көмектесетін немесе кедергі келтіретін факторлар туралы терең түсінік ала алады.

Сабақты өткізетін мұғалімнің міндеті

Зерттеу сабағын өткізуші мұғалім бірлесіп әзірлеген сабақ жоспарына сүйенеді. Мұғалім оқушыларға бақылаушы мұғалімдерді таныстыра алады, алайда сабақ барысында ол әріптестерімен қарым-қатынас жасамауға тиіс.

Күнделікті сабақ кезінде көптеген мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктеріне қарай сабақтарына өзгеріс енгізіп жатады. Зерттеу сабағы кезінде де аздаған өзгеріссіз болмайтын түсінікті, алайда барлық болжамды өзгерістерді сабақты жоспарлау кезеңінде қарастырып,

Сабақты зерттеу мұғалімді бағамдауға емес, оқушының ойлауы мен оқуын зерттеуге бағытталған (Lewis, 2011)



жазып қойған дұрыс. Егер мұғалім қомақты өзгеріс енгізетін болса, сабақты қадағалаушы мұғалімдер бұны қадағалауға қауқарсыз болып, бұл жағдайда жиналған деректердің құндылығы төмен болмақ.

Қадағалаушы мұғалімдердің міндеті

- Сабақ кезінде басы артық әңгімені азайту қажет.
- Сабақтың қалай басталып, қалай жүргенін және қорытындысында не болғанын түсіну үшін бүкіл сабақ бойы сыныпта болған дұрыс.
- Оқушыларға тақтадағы немесе мұғалімнің басқа жерлерге жазған жазбаларын немесе көрнекі материалдарын көруге кедергі келтіруге болмайды.
- Оқушылармен қарым-қатынасты барынша азайту керек. Оқушыға бірнәрсені үйретуден немесе оларға көмек көрсетуден аулақ болу керек. Оқушының санасында жүріп жатқан ойлау үдерістерін түсіну мақсатында ғана және басқаларға кедергі келтірместен кейде аздап қарым-қатынас жасауға болады.

Қадағалаушы мұғалімдер сабақ барысында оқушылардың нақты қылықтары мен әрекеттеріне назар аударады. Оқушылардың сабақтың әрбір кезеңдерінде берген жауаптарын тіркеп отырған дұрыс, осы арқылы бұл нәтижелердің болжанған нәтижеге қаншалықты ұқсас немесе олардан қаншалықты өзгешеленетінін аңғаруға болады. Мұғалімдер сабақ барысында белгілі бір зерттеу сұрағын қарастыруды және/немесе бақылау нысандарын пайдалануды ұйғаруы мүмкін.

Сонымен қатар, зерттеу сабағы «топтың бірлескен меншігі» (Дадли, 2013) болып табылатындықтан, қадағалаушы мұғалімдер әріптесінің сабақты қалай беретініне емес, оқушының сабаққа қалай араласатынына және оның оқуына көңіл бөледі. Қадағалау барысында мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тартпай, оларды алаңдатпауы маңызды. Сондай-ақ көрген-түйгенінің барлығын қысқаша ескертпе түрінде қолындағы бақылау парағына енгізіп отыру қажет.

Жалпы алғанда, оқушылардың қаншалықты алға жылжығандығының және жоспарланған нәтижемен салыстырғанда олардың қай деңгейге жеткенінің дәлелдерін іздеген дұрыс. Келесі сабақта бақылауға алынған оқушылардың, оқушы топтарының немесе сыныптың қандай мәселелеріне назар аудару керек? Сабақтан кейінгі сұхбат кезінде оларға қандай сұрақ қоясыз? Қадағалаушы мұғалім сабақ барысында туындаған осы сияқты ойларын үнемі жазып алып отыру қажет.

Зерттеу тобының мүшелері әдетте өздерін қызықтыратын нақты мәселелерге қатысты деректерді жинайды, мысалы:

- қадағаланатын оқушылардың сабаққа араласу белсенділігі;
- мұғалімнің шағын топтармен әрекеттестігі (кейін мұғалім өзінің қандай шара қабылдағанын және оған оқушының реакциясын зерттей алуы үшін);
- оқушылардың қойған сұрақтары;
- мұғалімнің қойған сұрақтары;
- оқушының өтіліп жатқан тақырыпқа берген түсініктемесі, әдетте тақырып өтіліп басталғанда және біткен соң сұралады;
- өз ойларын ерікті түрде білдіру үшін қол көтерген ұлдар мен қыздардың саны;
- оқушылар басқа сыныптасының пікірі негізінде өз ойын өрбітуі немесе өз пікірін білдіргенде басқа оқушының айтқанына сілтеме жасауы;
- оқушылардың эмоциялары (бет-әлпетінің өзгеруі, дыбыспен білдіруі, дене қимылдары т.б.);
- проблеманы шешу жолдары туралы оқушының бастамалары. Олардың көздері жанып тұрды ма?

Сабақты зерттеу топтары зерттеу аяқталған соң оқушылардың пікірінше не пайдалы болғанын, олардың нені білгенін және олардың көзқарасы бойынша, оны одан да пайдалырақ ету үшін сабақты тағы бір рет өткізсе, нені өзгертуге болатыны туралы пікірін білу үшін қадағалаудағы оқушылармен сұхбаттасады (Дадли, 2013).

1-сабақты талқылау және 2-сабақты жоспарлау

Зерттеу сабағын қадағалау барысында жинаған деректерін ортаға салу және де қатысы жоқ деректерді таратуды болдырмас үшін зерттеуге қатысқан барлық адамдар жиналып, сабақты талқылайды. Топтық пікірталасты зерттеу сабағын жүргізген мұғалімге осы міндетті өзіне алып, басқаларға сабақты қадағалауға мүмкіндік бергені үшін, зерттеу тобының қалған мүшелеріне сабақты дайындап, оны зерттеуге атсалысқаны үшін алғыс білдіруден бастаған дұрыс. Содан кейін алдағы сағатта немен айналысатындары тармақ-тармақ бойынша қысқаша түсіндіріледі.

Бірінші болып сабақ берген мұғалім сөз алады және де басқалардан бұрын сабақта болған қиындықтар туралы айтып өтеді. Талқылау барысында мұғалімдер айтылып кеткен нәрселерді сынамауға тиіс (Lewis, 2002).

Топтағы бір адам маңызды ескертпе жасаған сайын топтың әрбір мүшесінен осы мәселеге қатысты ойын білдіруді сұрап отыру қажет. Сабақта көрген-естігеннің санадағы ізі суып қалмай тұрғанда зерттеу сабағын мүмкіндігінше сол сабақ өткен күні, ондай мүмкіндік болмаса мейлінше жақын күндері талқылаған дұрыс.

Пікірталас барысында оқушылар оқу мақсатына жетті ме, сабақты қалай жетілдіруге болады және бұл тәжірибеден қандай сабақ алуға болады деген мәселелерге назар аударылады. Нақты айтар болсақ, оқушы санасының қалай өзгергенін бағамдау үшін сабақтағы «сыни» сәттерге назар аудара алады; жауап бере алмаған оқушының жауабын жақсы жауап берген оқушының жауабымен салыстыру арқылы оқушылардың білімді игерудегі қарама-қарсы екі шегін зерделей алады; оқушылардың жауаптары мен әрекеттері арасындағы сапалық айырмашылықты талдауға арналған сызба әзірлей алады; қадағалау барысында қолданылған бақылау парақтарының нәтижелерін жинақтап, қорыта алады; оқушының білімді игеруіне қалайша ықпал еткенін анықтау мақсатында сабақта қолданылған жаттығулардың ретін зерделей алады.

Сабақтан кейінгі талқыны төменде ұсынылған жолдармен ұйымдастыруға болады, бірақ оны істеу жолы бұл тізіммен шектелмейді:

- Егер бір мұғалім өзекті болып табылатын проблемалардың бірін көтерсе, содан бастау: «Х әріптесіміз маңызды мәселені көтеріп отыр, соны талқылап алайық».
- Сабақтың нақты бір бөлігінің ықпалы туралы пікірталасты бастау үшін жоспарда осы бөлімге қатысты жазылған бағамдау шараларын немесе бағалауға арналған сұрақтарды пайдалану.
- Егер бір адам арыз айтса, басқаларға оны жақтап немесе даттап өз пікірін ұсынып, оны деректермен қуаттауға шақыру. Сабақта уақыт қалай пайдаланылғанын талқылауға шақыру. Оқушыларға жеткілікті уақыт беріле ме? Мүмкін тым көп уақыт берілген шығар? Нақты деректермен дәлелдеуін сұрау.
- Сабақтың мақсатына назар аудару. Қолда бар деректерге қарап сабақ жоспары тұрғысынан және ұзақ мерзімді жоспар тұрғысынан оқушының қаншалықты алға жылжығаны туралы болжам жасай аламыз ба? Оқушылардың тақырыпты меңгергені туралы деректеріміз бар ма? Егер оқушылар біз үйреткіміз келген нәрселерді меңгермеген болса, неліктен бұлай болды? Алдағы уақытта оқушылардың қандай қажеттіліктерін қанағаттандыруымыз керек?
- Мезгіл-мезгіл аралық қорытынды жасап, содан кейін келесі мәселеге көшіп отырған орынды. Мысалы, «Осылайша, _____ қатысты ортақ пікірге келдік. Ал _____ туралы не дейсіздер?»
- Сабақты бағамдау. Бұны бірталай деректерді ортаға салып, талқылағаннан кейін пікірталастың соңына қарай орындаған тиімді.
- Зерттеу сұрағына жауап алынғаны/алынбағанын зерделеу. Осы сабақ арқылы зерттеу сұрағымызға жауап алынды ма? Ісіміз қаншалықты табысты болды? (Сабақ қаншалықты табысты өтті деген тұрғыдан емес, зерттеу сұрағына қаншалықты толыққанды жау-



ап алынғаны тұрғысынан оның табыстылығын зерделеу). Неліктен табысты болды немесе табысты болмаса, неліктен табысты болмады? Алдағы сабақтарға қатысты қандай ойлары бар?

Сабақты талдау барысында зерттеу тобы зерттеу сабағын қайта қарау жолдарын анықтайды. Кейбір топтар осымен тоқтауы да мүмкін. Алайда әдетте зерттеу тобы зерттеу сабағының екінші циклін өткізу туралы шешім қабылдап, қайта қаралған зерттеу сабағы өткізіледі. Бұл екінші цикл кезінде мұғалімдер дерек жинаудың басқа әдістерін қолдануды келісуі мүмкін.

Есеп жазу және зерттеу нәтижелерін таныстыру

Зерттеудің алғашқы циклін жоспарламас бұрын мұғалімдерге алдағы уақытта осы сабақты зерттеу үдерісінің барысында атқарылған іс-шаралар мен оның нәтижесін әріптестеріне таныстыратынын ескерту қажет. Соның негізінде олар үдеріс барысында қажетті материал жинауға назар аударады.

Бұл соңғы қадамда сабақты зерттеу тобының мүшелері осы зерттеуден қандай сабақ алғанын қарастырып, өз білімдерін жаңартып, басқа адамдармен бөлісуге болатын негізгі қорытынды тұжырымдарын анықтайды. Олар өз зерттеуінің нәтижелерін PowerPoint форматындағы таныстырылым түрінде ұсынып, онда сабақ жоспарын, қолданылған материалдарды, бейнежазба немесе фотосуреттерді көрсету арқылы өздері енгізген жаңа тәжірибемен таныстыра алады. Зерттеу нәтижелерін көпшілік назарына ұсынудың тағы бір жолы – қорытындыны мақала ретінде ресімдеп, баспасөз бетінде жариялау. Бұл жағдайда оны анағұрлым көп адам оқып танысып, қажетіне жарата алады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша коучинг сабақтарын өткізіп немесе мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық семинар-конференцияларда көптің талқысына ұсынуға болады және т.б.

Сабақты зерттеу тобы әзірлеген, бейімдеген немесе жетілдірген оқыту әдістемесін толық ұғынуға көмектесу мақсатында Сабақты зерттеу тобына басқа мұғалімдермен жұмыс істеуге мүмкіндік беру маңызды. Себебі бұл жағдайда мұғалімдер әдетте пайдаланғанымен, ол туралы ешқашан айтып жатпайтын жасырын (санасындағы) білімін ашық көрсете алады. Басқаларға түсіндіру арқылы мұғалімдер өздерінің қаншалықты білетінін түсініп, сөйтіп білімін одан әрі жетілдіруге мол мүмкіндік алады (Дадли, 2013).



ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ

Кіріспе

Іс-әрекеттегі зерттеу – бұл қолданбалы сапалық зерттеу. «Іс-әрекеттегі зерттеу» терминін алғашқы рет Курт Левин енгізді (1946). Іс-әрекеттегі зерттеуді Левин іс-әрекеттің жоспарлау, әрекет ету және бағалау кезеңдерін қамтитын, спираль түрінде дамитын үдеріс түрінде сипаттайды (Кеммис және МакТаггарт, 1990).

Іс-әрекеттегі зерттеу өткен ғасырдың 60-жылдарында алдымен Англияда, кейін бүкіл әлемде өріс ала бастады. Қазіргі таңда Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімнің кәсіби дамуының қуатты тәсілдерінің бірі болып саналады. Коллинз және Дигид (1989) Іс-әрекеттегі зерттеуді «жағдаяттық оқу»: жұмыс орнындағы және жұмыс орны туралы оқу деп атайды. Мунның (2006) айтуынша, Іс-әрекеттегі зерттеуді «мұғалімдер жұмыс істейтін ортадағы тәжірибелік қызмет» деп қарауға болады. Мәселен, мұғалім проблеманы өздігінен анықтап, зерттей отырып, өз тәжірибесін жақсырақ түсінеді және түрлендіреді.

Іс-әрекеттегі зерттеудің анықтамасы

Мектеп аясындағы Іс-әрекеттегі зерттеу спираль пішінді үдеріс ретінде қаралады. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі проблемаларды зерттеп, зерттеу нәтижелерінің негізінде мектеп қызметін жақсартады. Содан кейін проблеманы енгізілген өзгерістермен қоса қарап, қажет болған жағдайда, қызметті қайтадан зерттеп, жетілдіру үшін тағы бір цикл жүргізеді. Зерттеудің мұндай түрі мектептегі немесе мектеп туралы зерттеуден гөрі, мектеп үшін жүргізілетін зерттеу ретінде қаралады. Кеммистің (2007) тұжырымдауынша, Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдердің тәжірибесін, олардың өз тәжірибесі мен жұмыс жағдайлары туралы түсінігін өзгертеді.

Уилсон (2013) Іс-әрекеттегі зерттеудің бірнеше түйінді идеяларын атап көрсеткен. Біріншіден, Іс-әрекеттегі зерттеу – ғылыми таным түрі. Оның аясында тәжірибені жетілдіру мақсатында қолданылған іс-шара туралы ақпарат ұсыну үшін зерттеу мен дерек жинаудың жалпыға танылған әдістері қолданылады. Екіншіден, Іс-әрекеттегі зерттеу практик-мұғалімдерге өздерінің тәжірибесін зияткерлік және моральдық тұрғыдан бақылауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер өз тәжірибесін бағамдап, жүргізілген зерттеудің негізінде өзгеріс енгізеді. Тәжірибеде Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізетін мұғалімдер зерттеу әдістерін қатаң түрде ғылыми тұрғыдан қолдануға тиіс. Бұл жағдайда мұғалімдердің өз тәжірибесін іс-әрекетте зерттеуі академиялық зерттеудің басқа да түрлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді: зерттеу өзара бағамдау арқылы жүргізіліп, бірегей, маңызды болуы керек, деректер шынайы, нақты болып, зерттеу нәтижесінде жасалған кез кезген қорытынды жиналған деректермен сүйемелденуі қажет.

Сомектің (1995) пайымдауынша, Іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибе мен зерттеуді байланыстырып, сол арқылы зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге ықпал етіп, оның жетілуіне септігін тигізетін тәсіл болып табылады. Кеммис және МакТаггарттың (1992) пікірінше, «Іс-әрекеттегі зерттеу дегеніміз мұғалімнің күнделікті әрекетіне қарағанда, анағұрлым мұқият, жүйелі және ғылыми негізделген жоспарлау, іс-әрекет, бақылау және рефлексия».

Іс-әрекеттегі зерттеудің мақсаты

Іс-әрекеттегі зерттеуді қолданудың жалпы мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Карр және Кеммистің (1986) жұмысын негізге ала отырып, Уилсон (2013) мақсатты үш түрге бөледі – кәсіби, жеке тұлғалық және саяси.



3-кесте. Іс-әрекеттегі зерттеудің мақсаттары

Тұжырымдамалық негіз	Басты жақтаушылары	Негізгі қағидаттары	Мақсаттары
Мәселені жақсырақ түсіну және тәжірибені жақсарту мақсатында өз тәжірибесі бойынша іс-әрекеттегі зерттеу жүргізетін практик-мұғалімдер	Левин, Корей, Зейнер, Ноффки (АҚШ) Стенхаус, Эллиот, Раддок, Сомех (Ұлыбритания)	Тәжірибенің өзгеруі педагогикалық тәжірибе болып табылады және практиктің жеке кәсіби өсуін көрсетеді	Кәсіби: - теориялық идеяларды іс жүзінде тексеру; - оқыту тәжірибесін өзгерту әрі жақсарту және бұл өзгерістерді өзі бағалау; - практиктің кәсіби дамуы.
	Өзін-өзі оқыту және автоэтнография теориясы. Уайтхэд (Ұлыбритания) МакНифф (Ирландия)		Жеке тұлғалық: - өз ұстанымдарының маңызын, жеке мақсат қоюдың орынды екендігін анықтау; - әрекеттерін ойдағыдай басқару үшін өзінің жасырын әлеуетін ашу.
Мектептер мен қоғамда әділдік пен демократия орнатуға көмектесетін әлеуметтік жағдайларға қатысушылардың ұжымдық өз-өзін зерттеуі	<i>Сыни еріктілік теориясы.</i> Карр және Кэмми (Австралия) Фрейре (Оңтүстік Америка), Эллиот (Ұлыбритания)	Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу кіріптарлықтан босататын (ғылыми прогреске деген соқыр сенімнен босататын) үдеріс болып табылады	Саяси: тәжірибелік проблемалар мен теориялық идеялар арасындағы ақтандақтарды толтыру

Коэн және басқалар (2011) мектеп тәжірибесінің Іс-әрекеттегі зерттеуді қолдануға болатын түрлі салаларын зерттейді:

оқыту әдістері – оқытудың дәстүрлі әдісін жаңа әдіспен ауыстыру;

оқыту әдіс-тәсілдері – пәндік оқытудың орнына кіріктірілген оқу әдісін бейімдеу;

бағалау рәсімдері – бағалау әдістерін жетілдіру;

көзқарас және құндылықтар – оқуға жағымды көзқарастың болуын қолдау, өмірдің белгілі бір аспектісіне қатысты оқушылардың құндылықтар жүйесіне ықпал ету;

мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуы – оқыту дағдыларын жетілдіру, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу, қызметті талдау мен өзіндік рефлексия әдістерін жетілдіру;

басқару және бақылау – ұжымның іс-әрекетін түрлендіру технологияларын біртіндеп енгізу;

әкімшілік – мектеп өмірінің әкімшілік жағының кейбір аспектілерінің тиімділігін арттыру.



Іс-әрекеттегі зерттеу үдерісі

Іс-әрекеттегі зерттеу барысында мынадай кезеңдер жүзеге асырылады:



3-сурет. Іс-әрекеттегі зерттеуді іске асыру кезеңдері

Іс-әрекеттегі зерттеуді іске асырудың әрбір кезеңін қарастырайық.

1. Жоспарлау

Жоспарлау кезеңі іс-әрекеттегі зерттеу үдерісінде аса маңызды болып табылады. Бұл кезеңде шешімі ізделетін тәжірибелік проблема айқындалады. Іс-әрекеттегі зерттеуді мұғалімді толғандыратын кәсіби тәжірибеге қатысты мәселелерді анықтап, соларды зерттеуден бастауға болады (Макнифф және Уайтхед, 2006), ал содан соң оқу-тәрбие үдерісінің басқа да салаларын зерттеуге көшуге болады (Хаббард және Пауэр, 1999). Мәселен, бастапқы деңгейде сабақта оқушылардың қайсысы және неліктен ауызша сұрақтарға жауап бермейді, оқушылардың қайсысы және неліктен үй жұмысын орындай алмайды және т.б. сияқты сұрақтар болуы мүмкін. Әлде сыныпта қалайша барынша жайлы орта қалыптастыруға болады деген сұрақ болуы мүмкін. Яғни, мұғалім өзінің педагогикалық қызметін проблема ретінде көтереді.

Зерттеу сұрағын тұжырымдау, оған жауап іздеу және олардың мазмұнын қорыту оңай емес. Алайда мұғалім күрделі мәселелерді шешіп үйренбесе, ол өз тәжірибесіне қомақты өзгеріс енгізе алмайды. Осылайша, Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімнің өзін оқыту мен оқу туралы сын тұрғысынан ойланатын кәсіби шебер ретінде тануына септігін тигізеді.

Өзін-өзі талдау үдерісі зерттеу сұрағын анықтаудың маңызды аспектісі болып табылады. Көптеген сұрақ қою арқылы мұғалім проблеманы тауып, оны шешу жолдарын қарастыра алады. Мысалы, қолданылатын тәжірибе/әдістеме тиімді ме? Нені түзетуге немесе өзгертуге болады? Қандай ресурс пайдалануға болады? Белгілі бір оқыту әдісі қайта қаралуы, толықтырылуы қажет пе немесе оны пайдалануды тоқтату керек пе? Әріптестер дәл осындай қиындықтарға кезігіп отыр ма? Олар қандай шешім ұсынады?

Зерттеу сұрағын анықтаған кезде жауабы айқын сұрақтарды қарастырған (Хаббард және Пауэр, 1999), болмаса «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болатын жабық сұрақтарды қою орынсыз.

Зерттеу сұрағы анықталған соң, тәжірибеде қандай іс-шара қабылдау қажеттігін (осы проблеманы шешу жолдары) қарау қажет. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында ақпарат іздеу кезінде оқушыларға құрылымдалмаған мәтіндермен жұмыс істеу қиындық туғызады. Бұл проблеманы шешу үшін мұғалім құрылымдалмаған мәтіндерден ақпарат іздеудің нақты әдіс-тәсілдерін таңдайды да, ол әдіс-тәсілдердің жұмыстың жақсаруына көмектесе ме, жоқ па екенін зерттейді.



Жоспарлау кезеңінің нәтижесі анық және түсінікті тұжырымдалған зерттеу сұрағы түрінде болмақ. Ричард Сэгордың (2005) пайымдауынша, Іс-әрекеттегі зерттеудің сындарлы сұрағы үш талапқа сай келуі керек:

1. Мұғалімнің өзі сабақ беретін сыныпта оқу үдерісінің табысты болуына деген жеке қызығушылығы.
2. Зерттеу сұрағына жеке эмоциялық алаңдаушылық білдіру.
3. Зерттеу сұрағы мұғалімнің немесе оқушылардың жақсартуға болатын және жақсартылуы тиіс іс-қимылымен байланысты.

2-қосымшада зерттеу сұрағының үлгілері ұсынылған.

1.1 Әдебиетке шолу

